

FTAXP 03.20.00

Ж.М. Тулибаева¹, Е.О. Ұстағалиев²

^{1,2}Сулейман Демирел атындағы Университет, Қаскелең қ., Қазақстан,

**ХИУАЛЫҚ ТАРИХИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ
ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТӨңІРЕГІНДЕ**

Аңдатпа. Мақала XVII – XX ғасырдың басында Хиуа хандығында жазылған қолжазбалық тарихи шығармаларға шолу жасауға арналған. Біздерге жеткен хиуалық қолжазба еңбектер Орталықазиялық аймақтағы жазба ескерткіштердің арасында өзінің мазмұны мен фактілік материалдарының алуан түрлілігімен ерекше орын алады. Хиуалық тарихнамашылардың еңбектері көшпелі халықтардың, соның ішінде Хиуа хандығының аумағында және көршілес елдерде мекен еткен қазақтардың тарихы бойынша ауқымды мәліметтерді қамтиды. Хиуалық тарихи шығармаларда Хиуа хандығындағы қазақтардың ру-тайпалық құрамын, олардың орналасу аймақтарын нақтылауға мүмкіндік беретін ақпараттар бар. Мақала іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру бойынша Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің гранты шеңберінде дайындалды.

Кілт сөздер: Хиуа хандығы, хиуалық тарихнама, тарихи шығармалар, шағатайлық деректер, қазақтардың тарихы.

Аннотация. В статье посвящена обзору рукописных исторических сочинений, созданных в Хивинском ханстве за период XVII - начала XX века. Дошедшие до нас хивинские рукописные труды по своему содержанию и многообразию фактического материала занимают особое место в кругу письменных памятников Центральноазиатского региона. Труды хивинских историографов включают в себя обширные сведения по истории кочевых народов, в том числе и казахов, обитавших на территории Хивинского ханства и в соседних с ним странах. В хивинских исторических сочинениях содержатся данные, позволяющие уточнить родоплеменной состав казахов Хивинского ханства, места их расселения. Статья подготовлена в рамках гранта Министерства образования и науки Республики Казахстан по финансированию фундаментальных и прикладных научных исследований.

Ключевые слова: Хивинское ханство, хивинская историография, исторические сочинения, чагатайские источники, история казахов.

Abstract. The article is dedicated to the review of manuscripts created in the Khanate of Khiva during the 17th – the beginning of the 20th centuries. The surviving Khivan narrative sources due to their content and diversity of facts have a special place among manuscripts of the Central Asian region. In the works of Khivan historiographers are contained extensive information on the history of the nomads, including Kazakhs that populated the territory of the Khanate of Khiva and its neighboring countries. The Khivan historical manuscripts contain information clarifying the tribal structure of Kazakhs of the Khanate of Khiva along with their settlements. The article was prepared within the framework of the grant of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan financing for the fundamental and applied research.

Key words: The Khanate of Khiva, Khivan historiography, historical manuscripts, Chagatai sources, the history of Kazakhs.

Kipicne

Төрт ғасырдан астам уақыт өмір сүрген Хиуа хандығы Орталық Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге баға жетпес деректер түріндегі жазбаша ескерткіштердің мол мәдени мұрасын қалдырды. Бізге жеткен хиуалық қолжазба шығармалары өзінің мазмұны мен фактілік материалдың алуан түрлілігімен Орталықазия аймағының жазба ескерткіштерінің арасында ерекше орынға ие. Хиуалық тарихнамашылардың шығармаларында көшпелі халықтардың, соның ішінде Хиуа хандығының аумағында мекен еткен қазақтардың тарихы бойынша ауқымды мәліметтер бар.

Хиуалық тарихи қолжазба шығармалары мен құжаттарын зерттеу Қазақстан және Орталық Азия халықтары тарихының мәселелерін зерделеуде маңызды болып табылады. Хиуалық арабографиялық деректерде көптеген құнды фактілік материалдар сақталған, оларды ыждаһаттылықпен зерттемей Қазақстан және Орталық Азия халықтарының тарихының кейбір кезеңдерін зерделеу мүмкін емес.

Зерттеу әдістері

Ресми құжаттардың теңдессіз құндылығын атап өткенімізбен, бұндай деректердің тобымен жұмыс жасаудың кейбір түйткілді тұстары бар екенін айтқымыз келеді. Нақтырақ айтсақ, бұл фрагменттілік, яғни, жекелеген құжаттардың негізінде тарихи оқиғалардың тұтас бейнесін құрастыру мүмкін емес. Сондай-ақ, ресми құжаттардың «мағыналық мәтіні» интерпретациялаудың әр кезде шындықпен сәйкес келе бермейтінін тағы көрсетеді. Бұндай жағдайларда келесідей міндеттердің мәселенің базалық шешімі бола алатынын атап өту керек:

- әртүрлі типтегі және жанрдағы деректерге салыстырмалы талдау жасау (cross-referencing);

- параллельді және кейінгі оқиғаларға шолу жасау.

Тек әртүрлі жанрдағы және типтегі деректерге салыстырмалы талдау жасау негізінде қойылған мақсатқа қол жеткізуге болады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында Өзбекстан ғылым Академиясының Әбу Райхан Бируни атындағы Шығыстану Институтының қолжазба қорында сақталған хиуа арабографиялық деректері зерттелді.

Хиуа арабографиялық деректерін анықтау, зерттеу барысында бірнеше кезеңнен тұратын деректанулық талдау әдісі қолданылды.

Бірінші кезең. Арабшахидтер (1511-1804 жж.) мен Қоңыраттар (1804-1920 жж.) әулеттерінің билігі тұсындағы Хиуа хандығындағы қолжазбалық тарихи шығармалардың пайда болуының тарихи шарттары зерттелді. Хиуа хандарының сарайында туған тарихи шығармаларға ерекше назар аударылды:

- «Шаджара-йи түрк уә мугұл», XVII ғасыр;
- «Фирдаус әл-икбāl», соңғы нұсқасы 1825 жылы аяқталды;
- «Рийāз әл-даулат», 1844 жыл.
- «Зубдат әл-тавārйх», 1846 жыл.
- «Джāми‘ әл-вāки‘āt-и султāнй», 1855 жыл.
- «Гүлшан-и даулат», 1864 жыл.
- «Шāхид-и икбāl», 1872 жыл.
- «Шаджара-йи Х^вāразмшāхй», 1914 жыл.

Екінші кезең. Тарихи еңбектің әр авторының өмірі мен шығармашылық қызметі зерттелді. Ресми хиуа тарихнамасын зерттеу барысында тарихи шығармалар жазған, туындылары бізге жеткен авторлардың шеңбері анықталды:

- Әбү әл-Гāзй хāн б. Араб Мұхаммад хāн Чйнгйзй Хвāрезмй, 1643-1664.
- Шйр Мұхаммад б. амйр Авазбий мйрāб Мўнис, 1778-1829.
- Мұхаммад Ризā мйрāб б. Йр Нийāз-бйк Агахй, 1809-1874.
- Мұхаммад Йўсуф б. Бāбāжāн-бек Байāнй, 1858-1923.

Хиуа хандарының сарай қызметінде немесе мемлекеттің діни қызметкерлерінің қызметінде болған хиуа тарихнамашыларының бірқатары анықталды. Мухаммад Йўсуфтың шығармашылығын зерттеушілердің арасында оның шығу тегі мен хиуа хандарының сарайындағы қызметі жөнінде қарама-қайшы пікірлер бар. Ю.Э.Брегельдің пікірінше, Мұхаммад Йўсуф тек қатардағы шенеунік емес, ол хан әкімшілігінің жоғарғы шенді қызметкері болған (диуан-бегі) [1, 125-157 Б.]. Зерттеуші Ю.Э.Брегель, дерек мәліметіне сілтеме жасай отырып, оның хиуалық ақсүйекке жататынын, оның арғы атасы Илтузар хан екенін жазады. Оның әкесі, Бāбāжāн-бйи, Аллаберді-төрениң ұлы, 1288/1872 жылы қайтыс болды.

Қарама-қайшы көзқарасты ұстанған зерттеуші М.Ю.Юлдашев, Мұхаммад Йусуфтың Хиуа хандығында ешқандай әкімшілік лауазымды иеленбегенін айтады [2, 71-76 Б.]. Архив құжаттарына сілтеме жасаған М.Ю.Юлдашев, Мұхаммад Йусуфтың қатардағы шенеунік те болмағаны туралы жазады. Ал Мұхаммад Йусуф Байанидің өзі болса, шығармаларында өзінің хиуа хандарының сарайдағы қызметі туралы еш ақпарат бермейді.

Үшінші кезең. Тарихи еңбектің жазылуына себеп немесе түрткі болған түрлі жайттар зерттелді.

Төртінші кезең. Хиуа қолжазбаларының сақталған тізімдері зерттелді. Тарихи шығарманың қолтаңбасы, қолжазбалардың кейінгі басылымдары, бұндай мәліметтердің барлығы деректанулық талдау барысында есепке алынды.

Бесінші кезең. Тарихи шығармаларды жазу барысындағы авторлардың мақсаттары мен ниеттері нақтыланып, оларға талдау жүргізілді. Бұл мәселелердің жауабы сипатталып отырған оқиғаларды толық әрі шынайы түсінуге мүмкіндік береді.

Алтыншы кезең. Сарай тарихнамашысы болған тарихи жағдайды, өзінің ойларын іске асыру үшін қабылдаған тәсілдерін терең түсіну үшін тарихи шығарма авторының шынайы ойын анықтау үшін психологиялық талдау және психологиялық интерпретациялау принциптері қолданылды.

Жетінші кезең. Хиуалық авторлардың әрбір тарихи еңбектерінің мазмұндарына талдау жасалды.

Хиуа арабографиялық деректерді зерттеу процесі барысында жоба қатысушылары, сондай-ақ салыстырмалы әдісті қолданды.

Хиуа деректерінің мәліметтерін салыстырмалы талдау үшін қоқан және бұқар авторларының тарихи еңбектерінен материалдар қолданылды. Мысалы, «Тухфат әл-хәни» шығармасында Сайрам, Түркістан және Ташкент қалаларын қалмақтар жаулап алған 1723 жылғы оқиғалар туралы мәліметтер бар. Автор XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Хиуа хандығының Бұқар хандығы және Иранмен қарым-қатынасының кейбір тұстарын сипаттаған. Шыңғыстық хиуа хандары туралы, Хорезм оазисі аумағында өмір сүрген қазақ рулары туралы, қазақтардың көршілес елдермен қарым-қатынасы туралы мәліметтер «Зикр та'дәд пәдишәхән-и өзбек», «Махазйн әл-тақуә фй тәрйх әл-Бухәрә» және тізімнің бірі шартты түрде «Орта Азия тарихы» атауымен басылған «Хақә'йк әл-умұр» шығармаларында бар.

Хиуалық қолжазба шығармаларын анықтау үшін Өзбекстан Республикасының Ғылым Академиясы шығыстану Институтының қолжазба қорындағы жарияланған және жарияланбаған каталогтар бірінші кезекте зерттелді. Зерделенген каталогтардың ішінен 1952 жылы жарияланған «Шығыс қолжазбалары жинағының» бірінші томы аса қызығушылық тудырды. Аталған каталогта 743 қолжазбаның қысқаша

сипатамасы бар. Оның ішінде 285 қолжазба тарихи шығармалар болып табылады [3, 439 Б.]. Қолжазбаларды зерттеу барысында келесідей хиуалық тарихи шығармалар анықталды:

- «Шаджара-йи тарākима», «Түрікмендердің шежіресі», 42 парак, № 1552/V, 48 парак, № 5973, 58 парак № 1223, 43 парак, № 1807. Авторы - Әбү әл-Ғәзй хән б. Араб Мұхаммад хән Чйнгйзй Х^вәрезмй.

- «Шаджара-йи түрк уә мугұл», «Түріктер мен моңғолдардың шежіресі», 194 парак, № 851, 253 парак, № 2056. Авторы - Әбү әл-Ғәзй хән б. Араб Мұхаммад хән Чйнгйзй Хвәрезмй.

- «Фирдаус әл-икбāl», «Гүлденген жұмақ бағы», 259 парак, № 821/I. Авторы - Шйр Мұхаммад б. әмір Авазбий мйрәб, әдеби лақабы Мұнис.

- «Рийәз әл-даулат», «Мемлекет бақтары», 167 парак, № 821/II. Авторы - Мұхаммад Ризә мйрәб б. Ер Нийәз-бек, әдеби лақабы Агахй.

ШҚЖ екінші томы 1954 жылы басылып шықты, жинақта арабографиялық әдеби шығармалардың қысқаша сипаттамасы бар, олардың ішінде фольклор бойынша 18 шығарманы ерекше атап өтуге болады [4, 589 Б.].

1955 жылы шыққан үшінші томда философиялық және діни мазмұндағы 922 қолжазбаның қысқаша сипаттамасы бар, олардың ішінде энциклопедиялық сипаттағы қолжазбалар ерекше болып табылады [5, 555 Б.].

Төртінші том 1957 жылы жарыққа шықты, агиография мен мұсылмандық құқық бойынша 1162 қолжазба шығармалар мен құжаттардың сипаттамасы бар [6, 560 Б.].

1960 жылғы бесінші томға түрлі мазмұндағы 696 қолжазба шығармалары мен құжаттардың сипаттамасы кірген, олар тарих, биографиялық жинақтар, актілер мен эпиграфика, мемуарлар, фольклор, география, медицина және басқа да ғылым салалары енген [7, 543 Б.].

Алтыншы том 1963 жылы басылып шыққан, онда тарих, биографиялық жинақтар, актілер, жазбалар, саяхаттар, мұсылман ғалымдарының шығармалары туралы 842 қолжазбалар мен құжаттардың сипаттамалары бар [8, 738 Б.].

Жетінші том 1964 жылы жарық көрді, оған тарих, мемуарлар мен саяхаттар, әдеби туындылар, мұсылман ғалымдарының шығармалары жөніндегі 608 қолжазба сипаттамалары кірген [9, 554 Б.]. «Шығыс қолжазбалары жинағының» бұл томында келесідей хиуалық шығармалар сақталған:

- «Манәфи’ әл-инсән», «Адамға пайдалы дүниелер», № 4107, тізім бүлінген, мәтін толық емес. Авторы - Әбү әл-Ғәзй хән б. Араб Мұхаммад хән Чйнгйзй Х^вәрезмй.

- «Шаджара-йи тарākима», 64 парак, № 9985. Авторы - Әбү әл-Ғәзй хән б. Араб Мұхаммад хән Чйнгйзй Х^вәрезмй.

- «Фирдаус әл-икбāl», 244 парак, № 5364/I, 321 парак, № 5071. Авторы - Шер Мұхаммад б. әмір Авазбий мйрәб Мұнис.

- «Рийāз әл-даулат», 120 парақ, № 5364/II. Авторы - Мұхаммад Ризā мйрāб б. Ер Нийāз-бек, әдеби лақабы Агахй.
- «Зубдат әл-тауāрйх», «Жылнамалар өзегі», 55 парақ, № 5364/III. Авторы - Мұхаммад Ризā мйрāб б. Ер Нийāз-бек Агахй.
- «Жāми‘ әл-уāки‘āt-и султāнй», «Сұлтанның оқиғалар жинағы», 310 парақ, № 9786. Авторы - Мұхаммад Ризā мйрāб б. Ер Нийāз-бек Агахй.
- «Гүлшан-и даулат», «Мемлекет бағы», 280 парақ, № 7572. Авторы - Мұхаммад Ризā мйрāб б. Ер Нийāз-бек Агахй.
- «Тауāрйх әл-хавāнйн», «Хандар тарихы», 217 парақ, № 7717. Авторы - Сайид Хамиджан төре б. Сайид Мұхаммад-хāн, лақап аты Камйаб.
- «Шаджара-йи Х^бāразмшāхй», «Хорезмшахтардың шежіресі», 509 парақ, № 9596. Авторы - Мұхаммад Йūsуф б. Бāбāжāн-бек, лақабы Байāнй.
- «Тāрйх-и Х^бāразм», «Хорезм тарихы», 90 парақ, № 7421. Авторы - Мұхаммад Йūsуф б. Бāбāжāн-бек Байāнй.
- «Гүлшан-и са‘адат», «Бақыт бағы», 63 парақ, № 7771. Авторы - Молда Хасан Мұрад қара б. Мұхаммад Әмин.

Материалдың мазмұны мен баяндалуы бойынша хиуа авторларының кейбір еңбектерін қарастырамыз. Хорезм мемлекетінің құрылуы, XVII ғасырдың ортасына дейін хандықта орын алған тарихи оқиғалар «Шаджара-йи түрк уә мугұл» шығармасында баяндалған. Шығарма авторы Әбү әл-Ғāзй хāн б. Араб Мұхаммад хāн Чйнгйзй Хвāрезмйдің (1643-1664) өмірі мен қызметі жан жақты зерттелген және ғылыми әдебиеттерде баяндалған [10, 55-87 Б.].

Әбү әл-Ғāзй хāн Чйнгйзй Хвāрезмй өзінің «Шаджара-йи түрк уә мугұл» тарихи еңбегін аяқтай алмай, 1074/1664 жылы қайтыс болды. Оның ұлы Мұхаммад Ануша ханның (1663-1667) бұйрығы бойынша, шығарманың кейбір тараулары Махмұд б. молда Мұхаммад Заман Үргенші тарапынан толықтырылды. ӨзР ҒА шығыстану Институтының қолжазба қорында Әбү әл-Ғāзй хāн Чйнгйзй Хвāрезмй және Мұхаммад Ануша ханның 1667 жылға дейінгі биліктері тұсындағы Хорезм тарихының жалғасы бар «Шаджара-йи түрк уә мугұл» қолжазбасының тізімі сақталған. Қолжазбаның бұл тізімі қазақ халқының тарихы бойынша дерек ретінде зерттелген жоқ. Әбү әл-Ғāзй хāн Чйнгйзй Хвāрезмй сонымен қатар «Шаджара-йи тарāкима» және «Манāфи‘ әл-инсāн» шығармаларының авторы ретінде де танымал.

«Шаджара-йи тарāкима» шығармасы түрлі елдерде мәтінмен және аударма түрінде бірнеше мәрте басылып шықты [11, 72-78 Б.]. Еңбек кіріспеден және тоғыз тараудан тұрады:

Бірінші тарау: Адамнан Моғол ханға дейін;

Екінші тарау: Моғол ханнан Шыңғыс ханға дейін;

Үшінші тарау: Шыңғыс ханның дүниеге келуінен өліміне дейін;

Төртінші тарау: Үгедей қаған және оның ұрпақтары;

Бесінші тарау: Шағатй хан және оның ұрпақтары;

Алтыншы тарау: Төле хан және оның ұрпақтары;
Жетінші тарау: Жошы хан және оның ұрпақтары;
Сегізінші тарау: Шайбан хан және оның ұрпақтары;
Тоғызыншы тарау: Шайбанның Хорезмді билеген ұрпақтары.

Әбү әл-Ғазй хән Чынгйзй Хвәрзмй кіріспеде Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының тарихына арналған 18 том еңбектің оның қолында бар екендігін жазады.

Арабшахидтер әулетінің шыңғыстық өкілдері Хорезмді 1804 жылға дейін биледі. Қоңырат әулетінің тәуелсіз бірінші билеушісі Илтузар ханның (1804-1806) тұсында хиуа тарихнамасының ең үздік туындыларының бірі «Фирдаүс әл-икбāl» тарихи еңбегі жарық көрді. Шығарма авторы Шер Мұхаммад б. әмір Авазбий мйрāб Мунис (1778-1829) әдеби лақап ат Мунис есімімен танымал. «Фирдаүс әл-икбāl» кіріспеден және бес тараудан тұрады. Еңбектің басында Шер Мұхаммад Мунис өзі туралы қысқа автобиографиялық мәліметті және аталған еңбекті жазуға түрткі болған себептер жөнінде жазады. Шығармада 1825 жылға дейінгі Хорезм мемлекетінде болған негізгі тарихи оқиғалар жүйелі баяндалады. Шер Мұхаммад Мунис өзінің еңбегінде Мұхаммад Амин инақтың (1762-1791), Авазбий инақтың (1790-1804), Илтузар ханның (1804-1806) және I Мұхаммад Рахым ханның (1806-1825) биліктері тұсындағы тарихты толық сипаттайды.

Шер Мұхаммад Мунистің «Фирдаүс әл-икбāl» шығармасы Мұхаммад Ризā мйрāб б. Ер Нийāз-бек Агахй тарапынан жалғастырылып аяқталды. Шер Мұхаммад Мунис өз еңбегін 1813 жылғы оқиғаларды баяндаумен аяқтайды, Мұхаммад Ризā мйрāб Агахй I Мұхаммад Рахым ханның (1806-1825) билігі тарихына арналған кейінгі тарауларды жазып, хиуа ханының өлімімен өзінің еңбегін аяқтайды.

Шер Мұхаммад Мунистің тарихи еңбегін толықтырып бітірген Мұхаммад Ризā мйрāб Агахй өзінің тарихи туындыларын жазуға кіріседі. «Рийāз әл-даулат» атты өзінің бірінші шығармасы хиуа ханы Аллақұл ханның 1825-1842) нұсқауымен жазылған [12, 258 Б.]. Еңбек Аллақұл ханның билігі кезеңіндегі тарихын баяндауға арналған, кейін шығармаға Рахымқұл хан (1842-1846) билігінің алғашқы екі жылы енді. «Рийāз әл-даулат» тарихи хроникасын Мұхаммад Ризā мйрāб Агахй 1844 жылы аяқтады.

1842 жылы Хиуадағы билікке жаңа билеуші Рахымқұл ханның келуімен Мұхаммад Риза мираб Агахи «Зубдат әл-тауāрйх» атты жаңа шығармасын дүниеге әкеледі [13]. Тарихи еңбек 1842 жылдан 1846 жылға дейінгі кезеңде Хорезмдегі Рахымқұл ханның билігінің тарихына арналған. «Зубдат әл-тауāрйх» алғысөзден және екі тараудан тұрады. Бірінші тарауда Рахымқұл ханның дүниеге келуінен бастап, оның хандық тағына отырған кезең арасындағы Хорезмде орын алған оқиғалар баяндалады. Екінші бөлімде оның билік жылдарындағы хандықта болған

оқиғалар сипатталады. Шығармада Рахымқұл ханның Иран мен Хорасанға жасаған әскери жорығы нақты баяндалады.

Мұхаммад Ризā мйрāб Агахй Хиуа хандығының тарихнамашысы ретінде I Мұхаммад Рахым ханның (1806-1825) хандығынан бастап II Мұхаммад Рахым ханның (1863-1910) билігіне дейінгі хиуа хандарының билік тарихын жүйелі түрде сипаттады. Оның «Жāми‘ эл-уāки‘āt-и султāнй» атты тарихи еңбегі Мұхаммад Әмин ханның (1846-1855) билігіне арналған [14, 4416-5226 п.]. Сайид Мұхаммад хан Баһадүрдің (1855-1864) әмірі бойынша, оның билік кезеңіне арналған «Гүлшан-и даулат» шығармасы жазылды [15, 280 п.]. Оның келесі еңбегі «Шāхид-и икбāl» («Бақыт куәсі»), бізге аяқталмаған күйінде жетті, еңбек II Мұхаммад Рахым ханның (1864-1910) билігіне арналған [16, 227 п.]. Оқиға желісі 1872 жылға дейін баяндалған.

Хиуалық тарихшының Хиуа, Қоқан және Бұхар хандықтарында болған оқиғаларға қатысты жеке пікірі мен өзіндік бағасы өзінің «Шāхид-и икбāl» еңбегінде баяндалған. Шығармада аймақтағы отарлау үрдісінде маңызды рөл атқарған тарихи оқиғалар сипатталған. Қоқан және Бұхар хандықтарындағы ішкі саяси ахуал, күшейе түскен феодалдық қысым, хандықтағы отырықшы және көшпелі тұрғындар арасындағы жаппай толқулар мен бас көтерулер патша әскерлерінің Орта Азияға ішкерілей енуіне септігін тигізді.

Хиуалық тарихи хроникалар арасынан Байани атты лақап атпен белгілі болған Мұхаммад Йусуф б. Бабажан-бектің (1858-1923) тарихи еңбегін ерекше атап өтуге болады. Хиуалық тарихнамашының шығармашылық қызметі хиуа хандарының билігі тұсында басталып, Хиуада кеңестік биліктің орнауы кезеңінде жалғасты. Мұхаммад Йусуф Байāнй Хиуа хандығындағы білімді адамдардың бірі болды, медицина, музыка, саласында кең білімі болған, өлеңдер жазған, өлеңдердің толық жинақтарының авторы. Мұхаммад Йусуф б. Бабажан-бек 1858 жылы Хиуа маңындағы Бадархан кишлағында дүниеге келген. Хиуа медресесінде білім алған. Оның әкесі Әбд эл-Керим, Бабажан есімімен танымал, хиуа ғалымы, философы, астрономы болған, тибет медицинасы саласындағы зор білімімен ерекшеленген [17, 90 п.].

Хиуалық «Фирдаүс эл-икбāl», «Рийāз эл-даулат», «Зубдат эл-тауāрйх», «Жāми‘ эл-уāки‘āt-и султāнй», «Гүлшани даулат», «Шāхид-и икбāl» тарихи еңбектері классикалық мұсылмандық тарихнама стилінде жазылды. Исфандияр ханның (1910-1918) нұсқауы бойынша Мұхаммад Йусуф Байāнй Хорезм мемлекетінің тарихын асыра сілтеусіз, аллегория мен гиперболасыз, күрделі метафорасыз анағұрлым қарапайым түрде баяндауға кіріседі. Мұхаммад Йусуф б. Бабажан-бек Байāнй өзінің «Шаджара-йи Х^вāразмшāхй» шығармасын 1914 жылы аяқтады [18, 509 п.].

Мұхаммад Йўсуф Байāнидің тарихи еңбегі алғысөзден, Хорезм мемлекетінің ежелгі уақыттан 1914 жылға дейінгі тарихына арналған он алты тараудан тұрады:

Алғысөз;

Бірінші тарау: Әлемнің жаратылуы, Адамның пайда болуы;

Екінші тарау: Йафаса тарихы, моңғол және түрік тайпалары;

Үшінші тарау: Курластар ұрпағының тарихы, олардың соңғы билеушісі Әбу әл-Ғāзй хāн б. Йāдгār хāн болды.

«Шаджара-йи Х^бāразмшāхй» еңбегінің бірінші, екінші және үшінші тараулары Хиуада Қоңыраттарға дейін билеген Арабшахидтер әулетінің шығу тегіне арналған. Төртінші тараудан бастап кейінгі бөлімдері Қоңырат әулетінің өкілдері билік еткен тұстағы Хиуа хандығының тарихын баяндайды:

Төртінші тарау: Қоңыраттардың шежіресі;

Бесінші тарау: Мұхаммад Әмин инақтың билігі (1762-1791);

Алтыншы тарау: Авазбий инақтың билігі (1791-1804);

Жетінші тарау: Илтузар хāнның билігі (1804-1806);

Сегізінші тарау: I Мұхаммад Рахым хāнның билігі (1806-1825);

Тоғызыншы тарау: Аллақұл хāнның билігі (1825-1843);

Оныншы тарау: Рахымқұл хāнның билігі (1842-1846);

Он бірінші тарау: Мұхаммад Әмин хāнның билігі (1846-1855);

Он екінші тарау: Абдуллабек-хāнның билігі (1855);

Он үшінші тарау: Құлқұл Мұрād хāнның билігі (1855-1856);

Он төртінші тарау: Сайид Мұхаммад хāнның билігі (1855-1863);

Он бесінші тарау: II Сайид Мұхаммад Рахым хāнның билігі (1863-1910);

Он алтыншы тарау: Исфандийār хāнның билігі (1910-1918).

Мұхаммад Йўсуф Байāнидің Мұхаммад Ризā мйрāб Агахй мен Шер Мұхаммад Мунистің шығармаларынан материалдар қолданбай жазған тараулары (он бірінші, он екінші, он үшінші, он алтыншы) ерекше болып келеді. Мұхаммад Йўсуф Байāни еңбегінің қорытындысында сипатталған тарихи оқиғаларға қатысқан адамдар мен куәгерлердің әңгімелері бірінші кезекте бұл тарауларға дерек ретінде қолданылғаны жөнінде жазады. Негізінен олар диуан бектерден салық жинаушыларға дейінгі түрлі рангтағы шенеуніктер еді.

Хиуа хандығындағы Исфандияр ханға (1910-1918) қарсы халық толқуларына қатысқандығы үшін Мұхаммад Йўсуф Байāни 1916 жылы үй қамауында отырады. 1917 жылдың қаңтарында Мұхаммад Йўсуф Байāни хиуа ханының іс-әрекеті мен қызметін сынға алған өлең жазады, ал елдегі хандық биліктің құлайтын күнін ол бас көтерген халықпен бірге қарсы алады. 1920 жылы Хиуада кеңестік билік орнағаннан кейін Мұхаммад Йўсуф Байāни Хорезм халықтық кеңес республикасының халық ағарту және білім беру жүйесінде қызмет етеді.

Хиуа кеңестік өкіметінің тапсырмасы бойынша Мұхаммад Йўсуф Байāнй Хорезм мемлекетінің тарихына арналған жаңа тарихи еңбегін жазуға кіріседі. Өзінің еңбегін ол «Тārйх-и Х^вāразм» деп атады. «Тārйх-и Х^вāразм» шығармасының негізгі бөлігі соңғы хиуа билеушісі Исфандияр ханның билігінің тарихына арналған. Автордың алғысөзде көрсеткеніндей, басты мақсаты аталған шығармаға хиуалық хандардың тұсында жазуға тыйым салынған Хорезм тарихындағы оқиғаларды енгізу болды.

Оның тарихи еңбегі он алты тараудан тұруы керек, алайда бізге оның тек сегіз тарауы жетті. «Тārйх-и Х^вāразм» Өзбекстанның ғылым Академиясының шығыстану Институының Қолжазба қорында №7421 жалғыз тізімінде сақталған. «Тārйх-и Х^вāразмның» қолжазба кітабында Хиуа хандығының әлеуметтік-экономикалық тарихы бойынша шынайы мәліметтер бар. Мұхаммад Йўсуф Байāнй 1923 жылы қайтыс болды, Хиуа маңындағы Ақ-Йап кишлагында жерленді.

Хорезмдегі саяси жағдай, билік үшін күрестер, сарай тартыстары Шер Мұхаммад Мўнис, Мұхаммад Ризā мйрāб Агахй, Мұхаммад Йўсуф Байāнй сынды атақты хиуалық тарихнамашылардың шығармаларында жақсы баяндалған.

Арабграфиялық тарихи еңбектердегі қазақтар туралы мәліметтер көбіне көп аймақта орын алған саяси оқиғалармен тығыз байланысты болды. Қазақтар туралы көптеген ақпараттар қазақ жүздерінің аумағына 1706 жылдағы қалмақтардың шапқыншылығының басталған кезеңіне жатады. Қазақтар үш бағытта көшуге мәжбүр болды: Кіші жүз – батысқа Хиуаға және солтүстікке Жайық пен Ембі өзендерінің аңғарына, Орта жүз – Самарқанд және Бұхар жеріне.

Хиуалық тарихи шығармаларда хиуа билеушілері мен қазақ хандары арасындағы туыстық және сауда қарым-қатынастары туралы көптеген мәліметтер бар. Хорезм мемлекетіндегі өзара күрес кезеңінде Шыңғысхан ұрпақтарынан болған билеушілер жиі Хорезмнен Түркістанға қашуға мәжбүр болды. Мысалы, көптеген деректерде Әбілғазының Шығай хан ұлы Есім ханға (1598-1614) қашып, пана тапқандығы айтылады. 1022/1613-14 жылдары Есім ханның жоғарғы хан ретіндегі билігі Тұрсын хан тарапынан уақытша жойылған болатын. Әбілғазы бірнеше ай Түркістанда болды. Есім хан Әбілғазының қазақ билеушісі Тұрсын ханға таныстырып, оған қамқоршылық жасау туралы өтініш білдіреді. Әбілғазы бірнеше жыл Тұрсын ханның жанында Ташкентте тұрды. 1037/1627-28 жылы Есім хан Тұрсын ханды өлтіріп, қайтадан жоғарғы хан болады. Әбілғазы Есім ханның рұқсатымен алдымен Ташкенттен Бұхараға, кейін Хиуаға аттанады. Хиуа хандығындағы Әбілғазы ханның (1643/44-1663) жүргізген реформалары орталық биліктің күшеюіне, мемлекеттегі руаралық және тайпааралық қақтығыстардың азаюына септігін тигізді.

Хорезмдегі саяси жағдайдың тұрақтылығы билік басындағы ханның жеке тұлғасы мен билік тетігіне байланысты болды. Хиуа тағында мықты беделді және адуынды хан болғанда ру аксүйектерінің билігі әлсіреді. Әлсіз билеуші тұсында иеліктің билеушілері күшейе түседі. Биліктегі хан өлімінен кейін әр иелік билеушілері мемлекет тағына өзінің руына бейтарап көзқарастағы Шыңғысхан тұқымынан хан сайлауға тырысты. Биліктегі ауыс-түйістер рулық элиталардың тартысына айналды, ол текетіреске Шыңғысхан ұрпақтары да, хиуа сарайының жоғарғы шенді лауазым иелері де қатысты. Шыңғыстық қазақ сұлтандарының біразы Хиуадағы хан тағына көтерілді. Соған байланысты Хиуа аумағында қазақ халқының белгілі бір топтары орын тепті.

Ұзаққа созылған күрес нәтижесінде, сонымен қатар қалалық және жер иеленуші аксүйектердің қолдауына арқа сүйеген Мұхаммад Әмин инақ қоңырат (1762-1790) 1768 жылы Хиуа хандығының тағына отырады. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, Мұхаммад Әмин инақтың билік кезеңінен бастап Шыңғысхан ұрпақтарынан болған хандардың билігі уақыт өте біртіндеп әлсірей бастайды. Егер Шыңғысхан ұрпақтарынан болған хан өзінің саяси билігін күшейтуге талпыныс жасаса, нақты биліктің өкілі болған инақ Хиуа хандығының тағына оның орнына басқа Шыңғысхан ұрпағын отырғызды. «Фирдаус әл-икбāl» тарихи шығармасында билік пен тақ үшін болған қанды күрестер мен руаралық қақтығыстар жөнінде және оған Шыңғысхан ұрпақтарының қатысқандығы туралы көптеген мәліметтер келтіріледі. XIX ғасырдың басында Хорезм инақтар қолына көшті, ал 1804 жылы Илтузар инақ жеке дара билік етуші хан ретінде Хиуа хандығының тағына отырды.

Қалыптасқан дәстүр бойынша мұсылмандық дін өкілдері Хиуа хандығындағы мемлекеттік істерге белсенді араласып тұрды. Шейхтар мен қожалар Хиуа хандығында, сондай-ақ Қазақ хандығындағы билеушілер тұсында түрлі лауазымдарға тағайындалып тұрды. Көршілес мемлекеттерге елшілік аттандырған кезде әдетте елші қызметіне мұсылмандық діни қызметтің атақты өкілі тағайындалды. Сенімге ие тұлғалар ретінде ханның жеке тапсырмаларын қожалар атқарды. «Фирдаус әл-икбāl» шығармасында қазақ билеушісі Сұлтан Темір ханның қызметінде болған және 1812 жылы елші ретінде Хиуаға келген Тоқташ қожа туралы айтылады. I Мұхаммад Рахым хән Тоқташ қожаға ерекше қонақжайлылық ілтипат танытып, оған бағалы сыйлықтар берген.

Қорытынды

Хиуалық тарихи шығармалардан фактілік материалдарды ғылыми айналымға енгізу қазақтардың және олардың көршілес халықтармен қарым-қатынастарының тарихы бойынша кейбір жекелеген тұрып қалған, әр кезде дұрыс емес ережелерді қайта қарауға мүмкіндік береді. Хиуалық қолжазба шығармалары қазақ рулары мен Хиуа хандығының тайпаларының әлеуметтік-экономикалық тарихы жөнінде фактілік

ақпараттарға қанық. Бұл құжаттарда хандықтың әкімшілік құрылымы бойынша, сонымен қатар, қазақ аудандары, жекелеген қазақ руларының орналасуы, олардың саны туралы құнды материалдар сақталған. Қазақтардың нөкерлік міндеткерлігі туралы құжаттарды ерекше атауға болады. Арабграфиялық деректерді зерттеу және жариялау Хиуа хандығындағы қазақ руларының тарихын айтарлықтай нақтылауға, жалпылама белгілі болған көптеген маңызды мәселелерді анықтауға септігін тигізеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Брегель Ю.Э. Сочинение Баяни «Шаджара-и-хорезмшахи» как источник по истории туркмен // Краткие сообщения Института народов Азии. – Москва: Издательство восточной литературы, 1961. – 125-157 бб.
2. Юлдашев М. Ю. Ценный источник по истории Хорезма // Известия Академии наук УзССР. Серия общественных наук. – 1958. – № 6. – 71-76 бб.
3. Собрание восточных рукописей Академии наук Узбекской ССР. Под редакцией и при участии члена-корреспондента Академии наук Узбекской ССР, действительного члена Академии наук Таджикской ССР, доктора исторических наук, профессора А.А. Семенова. – Ташкент: Изд-во Академии наук УзССР, 1952. – I т. – 439 б.
4. Собрание восточных рукописей Академии наук Узбекской ССР. Под редакцией и при участии члена-корреспондента Академии наук Узбекской ССР, действительного члена Академии наук Таджикской ССР, доктора исторических наук, профессора А.А. Семенова. – Ташкент: Изд-во Академии наук УзССР, 1954. – II т. – 589 б.
5. Собрание восточных рукописей Академии наук Узбекской ССР. Под редакцией и при участии члена-корреспондента Академии наук Узбекской ССР, действительного члена Академии наук Таджикской ССР, доктора исторических наук, профессора А.А. Семенова. – Ташкент: Изд-во Академии наук УзССР, 1955. – III т. – 555 б.
6. Собрание восточных рукописей Академии наук Узбекской ССР. Под редакцией и при участии члена-корреспондента Академии наук Узбекской ССР, действительного члена Академии наук Таджикской ССР, доктора исторических наук, профессора А.А. Семенова. – Ташкент: Изд-во Академии наук УзССР, 1957. – IV т. – 560 б.
7. Собрание восточных рукописей Академии наук Узбекской ССР. Под редакцией и при участии члена-корреспондента Академии наук Узбекской ССР, действительного члена Академии наук Таджикской ССР, доктора исторических наук, профессора А.А. Семенова. – Ташкент: Изд-во Академии наук УзССР, 1960. – V т. – 543 б.
8. Собрание восточных рукописей Академии наук Узбекской ССР. Под редакцией и при участии доктора исторических наук профессора

- А.А. Семенова и кандидата исторических наук Д.Г. Вороновского. – Ташкент: Изд-во Академии наук УзССР, 1963. – VI т. – 738 б.
9. Собрание восточных рукописей Академии наук Узбекской ССР. Под редакцией и при участии кандидата исторических наук А. Урунбаева и кандидата филологических наук Л.М. Елифановой. – Ташкент: Изд-во «Наука» Узбекской ССР, 1964. – VII т. – 554 б.
10. Allaeva, N. The Shajara-yi Turk as an Important Source on the History of the Relations between Khiva and its Neighbors // Journal of Persianate studies. Eds., Arjomand, S.A., Kasheff, M. – Leiden: Brill, 2014. – № 7. – P. 55-87.
11. Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии. XVI – XVIII вв. Письменные памятники. – Ташкент: Фан, 1985. – 259 б.
12. Мухаммад Ризā мйрāб б. Йр Нийāз-бйк Агахй. Рийāз ал-даулат. Рукопись Института восточных рукописей Российской Академии наук. – № D 123 (590oc). – 258 п.
13. Muhammad Riza Mirab Agahi. Zubdat al-tavarikh. Edited in the original Central Asian Turki with an Introduction and Notes by Khilola Nazirova. – Samarqand-Tashkent, 2016. – 300 п.
14. Мухаммад Ризā мйрāб б. Йр Нийāз-бйк Агахй. Джāми‘ ал-вāки‘āt-и султāнй. Рукопись Института восточных рукописей Российской Академии наук. – № E 6 (590oБ). – 4416-5226 п.
15. Мухаммад Ризā мйрāб б. Йр Нийāз-бйк Агахй. Гулшан-и даулат. Рукопись Института восточных рукописей Российской Академии наук. – № B 1891 (Nov 215). – 280 п.
16. Мухаммад Ризā мйрāб б. Йр Нийāз-бйк Агахй. Шāхид-и икбāl. Рукопись-автограф Института восточных рукописей Российской Академии наук. – № C 572 (590od). – 227 п.
17. Мухаммад Йўсуф б. Бāбāджāн-бйк Байāнй. Тārйх-и Х^вāразм. Рукопись Института востоковедения им. Абу Райхана Беруни АН РУз. – № 7421. – 90 п.
18. Мухаммад Йўсуф б. Бāбāджāн-бйк Байāнй. Шаджара-йи Х^вāразмшāхй. Рукопись Института востоковедения им. Абу Райхана Беруни АН РУз. – № 9596. – 509 п.